

2024–2025 оқу жылындағы әдістемелік және педагогикалық жұмыстар туралы

АНЫҚТАМА

Мақсаты:

- Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру;
- Заманауи оқыту әдістерін меңгеру және тәжірибеге енгізу;
- Жас мамандардың кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету;
- Оқушылардың білім сапасын арттыру және оқу мотивациясын күшейту;
- Цифрлық технологияларды қолдану арқылы оқыту тиімділігін арттыру;
- Инклюзивті білім беру мен сараланған оқытуды дамыту.

Қамтылатын бағыттар:

- Ашық сабақтар мен шеберлік сыныптары;
- Сыныптан тыс іс-шаралар;
- «Үздік жас маман» марафоны;
- Lesson Study әдісі;
- Пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобаларға дайындық;
- Жеке кездесулер мен кері байланыс;
- Цифрлық сауаттылық тестілеуі;
- Әдістемелік кафедра отырыстары мен пәндік апталықтар.

Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы педагогтар мен басшылардың кәсіптік және жеке өзін-өзі көтеруін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды ақпараттық-әдістемелік кеңістік аясында жүйелі түрде ұйымдастырады. Бұл шаралар Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының талаптарына сәйкес жүзеге асырылуда. Білім беру жүйесінің негізгі міндеті — жеке тұлғаның кәсіби, зияткерлік және шығармашылық дамуына жағдай жасау. Осы мақсатта мектептің педагогикалық ұжымы мен басшылық құрамы үздіксіз кәсіби даму, жаңашыл әдістемелерді енгізу және оқыту сапасын арттыру бағытында әр түрлі шараларды жүзеге асырады. Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы педагогтар мен басшылардың кәсіби және жеке дамуына ерекше назар аударады. Білім сапасын арттыру мен ұжымдық мәдениетті нығайту арқылы мектеп Қазақстанның заманауи білім беру стандарттарына сәйкес дамып, өзінің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуде.

Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясының педагогтар мен басшылардың кәсіптік және жеке өзін-өзі көтеруі үшін жағдай жасау мәселесі ақпараттық-әдістемелік кеңістік аясында жүзеге асады. Бұл жұмыстар төмендегідей бағыттардан құралған:

- Коучингтер мен менторинг жүйесі;
- өзіндік білім көтеру жоспарын жүзеге асыру жүйесі;
- әдістемелік бірлестік жұмыстары мен әдістемелік бірлестік апталықтарын ұйымдастыру жұмыстары;
- газеттер мен журналдарға жазылу;
- пән мұғалімдері мен сынып жетекшілердің мектепішілік конкурстарын ұйымдастыру;
- «Жас мамандар» мектебі

«Білім беру округтері – білім сапасын арттырудың негізгі ресурсы» облыстық форумы өтті
2024-2025 оқу жылында Ақтөбе облысы бойынша 5 білім беру округі құрылды. Олар:

- Дінмұхамед Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы
- Әл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназиясы
- Мұғалжар ауданы Қандыағаш қалалық №3 жалпы білім беретін мектеп-гимназиясы
- Шалқар ауданы №2 мектеп-гимназиясы
- Хромтау ауданы №4 Хромтау орта мектебі.

Облыстық форумның мақсаты:

Облыстық форум білім беру сапасын арттыру және аймақтық деңгейде тиімді басқару тетіктерін құру мақсатында ұйымдастырылды. Форумның жұмысы пленарлық және секциялық отырыстардан тұрып, Дінмұхамед Қонаев атындағы мектеп-гимназиясы мен Әл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназиясында өтті.

Форумға келесідей қатысушылар қатысты:

- Ақтөбе облысы білім басқармасы басшысы Жайық Исаұлы Сұлтан
- Ақтөбе облысы білім басқармасы басшысының орынбасары Бертлеуова Нұргүл Лескенқызы
- Аумақтық білім беру округтерінің, магниттік мектептердің, мектепке дейінгі, қосымша білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының директорлары мен орынбасарлары.

Форум аясында:

- Білім беру ұйымдары арасында серіктестік пен ынтымақтастық нығайды.
- Оқу-тәрбие процестерін тиімді ұйымдастыру бойынша іс-тәжірибелер талқыланып, таратылды.


2024 жылдың 8 қарашасында Дінмұхамед Қонаев атындағы мектеп-гимназиясында ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен әзірленген 2024-2025 жылдарға арналған Ақтөбе облысының білім жүйесін дамытудың жол картасын жүзеге асыру мақсатында «Білім беру округтері – білім сапасын арттырудың негізгі ресурсы» тақырыбында облыстық форум өтті. Форумның екінші бөлімі «Жаңа білім кеңістігі: мүмкіндіктер әлеміне саяхат» экскурсиясымен басталды. Бұл бөлімде форум қатысушылары:

- Жаңа білім беру саласында қолданылатын жаңашылдықтармен танысты.
- Білім беру жүйесінің жаңа мүмкіндіктері мен сапаны арттыру жолдары бойынша ұсыныстар мен пікірлер тыңдалды.

Секциялық отырыстарда арнайы баяндамалар жасалып, маңызды тақырыптар мен мәселелер талқыланды.

Бұл форум облыстық білім беру жүйесінде:

- Өзара тәжірибе алмасуға, білім сапасын арттыруға, жаңа идеяларды іске асыруға үлкен серпін берді.



Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының жоспарына сәйкес, білім беру округтерімен бірлесе отырып, «Білім сапасын арттыру: жаңа тәсілдер мен әдістемелер» атты облыстық семинар-практикум өтті. Бұл іс-шара №55 орта мектеп-гимназиясының базасында ұйымдастырылып, білім беру сапасын жетілдіру және тәжірибе алмасу мақсатында өткізілді. Семинарды №55 орта мектеп-гимназиясының директоры Ш.С.Жанғалиева мен Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының әдіскері А.К.Сарсенова алғысөзбен ашты. Іс-шараға білім беру саласының жетекші мамандары, тірек мектептер мен магниттік мектептердің өкілдері қатысты. Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясының директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Н.Ербозымова семинар барысында «Білім сапасын арттырудағы кедергілер мен оларды шешу

жолдары» тақырыбында баяндама ұсынды. Ол өз баяндамасында білім беру үдерісінде кездесетін негізгі қиындықтарды талдап, оларды шешудің инновациялық әдістерін ұсынды.Семинардың негізгі бөлімі тірек мектептер мен магниттік мектептердің командалық жұмысымен ерекшеленді. Тәжірибе алмасу процесіне келесідей мектептер белсене қатысты:

- №55 орта мектеп-гимназиясы,
- №78 жалпы білім беретін мектеп-гимназиясы,
- №53 жалпы білім беретін орта мектебі.

Семинарға қатысушылар өздерінің инновациялық тәжірибелерімен бөлісіп, оқыту барысында жасанды интеллект (ЖИ) және заманауи технологияларды қолданудың тиімділігімен таныстырды.Практикалық жұмыстар кезінде қатысушылар келесі бағыттар бойынша белсенді іс-тәжірибелер жүргізді:

Жасанды интеллекті қолдану арқылы сабақ жоспарларын жетілдіру.

Оқу материалдарын әзірлеуде интерактивті платформаларды пайдалану.

Заманауи технологияларды қолдану арқылы білім беру мазмұнын тиімді ұйымдастыру.

Бұл семинар-практикум:Білім беру сапасын арттыруда жаңа тәсілдер мен әдістерді енгізу қажеттігін көрсетіп, педагогтардың кәсіби деңгейін көтеруге ықпал етті.Педагогикалық тәжірибе алмасу алаңы ретінде қызмет атқарып, серіктестік пен ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік берді.Оқытудағы кедергілерді еңсеру және заманауи технологияларды тиімді қолдану бойынша қатысушыларға жаңа идеялар ұсынды.2017 оқу жылынан бастап «Келешек» желілік қауымдастығы өз жұмысын бастады. Құрамында: Д.Қонаев атындағы ЖББОМ – тірек мектебі, №61, №55, №46, №50, №53, Красносель, Бекқұл баба НМ – серіктес мектептер. Жетекшісі: Кобланова Айгуль Аубекеровна - ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.Мектептегі «Келешек» желілік қоғамдастық мүшелері дөңгелек үстел басында бас қосып, оқудағы кедергілерді анықтау, білім мен тәрбие беру саласында әріптестердің қажеттіліктерін білу мақсатында жүргізілген сауалнама қорытындылары бойынша ЖҚ жоспарының тақырыбын «Оқыту мен оқу тәжірибесінде жаңа тәсілдерді енгізу арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын жетілдіруде көшбасшылықты дамыту» деп белгіледі.Ақтөбе облысының жетекші мектептері арасында ұйымдастырылған «Үздік кәсіби қоғамдастық» облыстық байқауында Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы жетекшілік ететін жалпы «Келешек» желілік қоғамдастығы «Үздік эссе», «Үздік дөңгелек үстел» номинацияларын иеленді.Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы жетекшілік ететін «Келешек» желілік қоғамдастығы құрамындағы мектеп мұғалімдерінің жұмыстарына қолдау және әдістемелік көмек көрсету мақсатында ПШО орталығының тренері К.Г.Утешева мектепке келді. «Келешек» желілік қоғамдастығы құрамындағы мектептердің дене шынықтыру және технология пәндері мұғалімдерінің сабақтарына қатысып, кері байланыс жасалды. Сонымен қатар мектептегі «Тәжірибедегі рефлексия», «Іс-әрекеттегі тәжірибені зерттеу» курстарының тренерлері мен деңгейлік бағдарламалар бойынша сертификатталған мұғалімдермен кездесу өткізіп, жұмыстарына нұсқау берді.

Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектепте-гимназиясында «Келешек» желілік қоғамдастығы құрамындағы мектептердің мұғалімдерінің сұранысы негізінде ПШО орталығының тренері К.Г.Утешева «Қысқа мерзімді жоспарды қалай жазу керек?» тақырыбында шебер класс өткізді. Шебер класс мұғалімдердің жаңартылған білім беру мазмұнына сай сабақты жоспарлауда мұғалімдерді толғандырып жүрген сұрақтарына жауап табуына септігін тигізді. Шебер класқа жетекші мектеп пен серіктес мектептердің технология, дене шынықтыру пәндері мұғалімдері қатысты.

Мектепті дамыту жоспарына сәйкес «Жаратылыстану» әдістемелік кафедрасының мұғалімдерімен “Білім мен білікті жаңғыртатын жаңа бағдарлама” тақырыбында «Келешек» желілік қоғамдастығының жетекшісі, көшбасшы мұғалім, ментор А.А.Кобланова мен тәлім алушы А.Қ.Замединова коучинг өткізді.

Жаңартылған білім мазмұны бағдарламасының оқыту міндеттеріне сәйкес мектебімізде қазақ тілі мен тарих әдістемелік кафедра мұғалімдеріне арналған “Критериалды бағалау: Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау. БЖБ және ТЖБ өткізу әдістемесі” тақырыбында мектептің көшбасшы мұғалімдері А.С. Сыдыкова мен А.С.Кужахметованың ұйымдастыруымен коучинг өткізілді.

Жаңартылған білім мазмұны бағдарламасының оқыту міндеттеріне сәйкес мектебімізде «Білім мен білікті жаңғыртатын жаңа бағдарлама» атты коучинг болып өтті.

«Жас мамандар мектебі»

Мектебімізде бірнеше жылдан бері «Жас мамандар мектебі» жұмыс жасайды. Оның құрамында 54 жас маман бар. Жас мамандарға үнемі әдістемелік көмек көрсетіліп тұрады. Жас мамандарды қолдау және олардың кәсіби дамуына ықпал ету мақсатында жыл сайын мектебімізде «Үздік жас маман» конкурс-марафоны өткізілді. Мұғалімдердің қызметін жүйелі түрде бағалау, пәндік апталықтар, марафондар өткізу, «Жас мұғалімдер мектебі» жұмысы және тәлімгерлік педагогтардың үздіксіз кәсіби дамуына жағдай жасайды. Видеобақылау сабақтардың сапасын және мұғалімдердің оқушылармен өзара әрекетін неғұрлым объективті бағалауға мүмкіндік береді.



I Республикалық ғылыми-практикалық конференция

2023 жылы 5 қаңтар күні мектебімізде «Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев – ғасыр саңлағы» тақырыбында I Республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті. Бұл іс-шара «Д. Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» КММ және «Д. Қонаев атындағы Халықаралық қоғамдық Қор» меморандумы аясында ұйымдастырылды. Конференцияның мақсаты — Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың өмірі мен еңбектерін насихаттау.



Үштілділік интеграциялау эксперименттік алаңы

2023-2025 жылдарына жоспарланған тәжірибелік-эксперименттік алаң тақырыбы — «Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін интеграциялап оқытуда заманауи технологияларды қолдану». Оқушылардың қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сөйлеу, жазу, тыңдау және оқу дағдылары дамып, сөздік

қорлары кеңейеді. Бұл бағдарлама тілдерді байланыстыра оқытуға және заманауи білім беру технологияларын тиімді қолдануға мүмкіндік береді.



Жаратылыстану бағытындағы пәндерді қос тілде оқыту

Мектебімізде 2017 жылдан бері жаратылыстану бағытындағы пәндерді қос тілде оқыту жүргізіліп келеді. Химия, биология, физика пәндерінен 8 мұғалім арнайы курстан өтті. Қазіргі уақытта 4 химия пәні мұғалімі ағылшын тілінде сабақ жүргізуде. Барлық оқушылар қос тілді оқытуға арналған оқулықтармен қамтамасыз етілген. Шығармашылық топтың мүшелері өзара тәжірибе алмасып, нәтижелі жұмыстар жүргізуде.

Қалалық және облыстық іс-шаралар

Мектебіміздің жылдық оқу-тәрбие жоспарына сәйкес, жыл сайын қалалық және облыстық деңгейдегі форумдар, конференциялар, семинарлар өткізіледі. Бұл жұмыстар педагогтердің кәсіби дамуына және өзара тәжірибе алмасуына мүмкіндік береді.



2024-2025 оқу жылында жоғарыда аталған шеберхана облыстық деңгейде жұмысын жалғастырды. Ақтөбе облысынан 15 мұғалім шеберханаға мүше ретінде тіркелді. «Оқу сауаттылығы: оқылым, таным, креативтілік» шебер-класы

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері, педагог-шеберлер С.Сырбаева мен М.Романованың ұйымдастыруымен «Оқу сауаттылығы: оқылым, таным, креативтілік» тақырыбындағы шебер-класс жұмыс жасап жатыр. Бұл шебер-класс оқушылардың білім мен танымына негізделген және оқу жылы бойы жоспарлы түрде жалғасын табады.



ҚР «Білім туралы» Заңының 51-бабының 5-тармағында «Мұғалім өзінің педагогикалық шеберлігін, парасаттылығын, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіріп отыруға міндетті» деп көрсетілген. «Білім туралы» Заңға сүйене отырып, 2024-2025 оқу жылының басында мектептің барлық мұғалімдеріне «Өзіндік білім көтеру жоспарын» дайындауды міндеттеп, әр оқу жылының басында қайта қаралып, бекітілді. Өзіндік білім көтеру жұмыстары мынадай мақсатты көздейді: сапалы оқытуды жүзеге асыру үшін шығармашылық қабілеттерін арттыра отырып, оқытудың тиімді әдістерін енгізу, мұғалімнің өзін –өзі реттеуі, сыни ойлауы, бағалауы, бірлескен жұмыстың табысты болуына ықпал жасау, бірлесіп жұмыс жасау арқылы оқушының оқуын жақсарту үшін қуатты педагогика құралдарын іс-тәжірибеде тиімді қолдану. Жоспар үш жылға құрылды. Жыл сайын жоспар толықтырылып отырылды.

Мектепте оқу бағдарламалары мен қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін педагогикалық және әкімшілік қызметкерлердің саны мен біліктілігі маңызды. Педагогтардың әрқайсысы жоғары, арнаулы орта білімді және өз саласында біліктіліктері мен сертификаттары

бар. Сонымен қатар, педагогтардың біліктілігін арттыру курстары мен тренингтерге қатысуы жүйелі түрде ұйымдастырылып отырады. Мектепте жас мамандардың кәсіби өсуіне жәрдемдесетін түрлі іс-шаралар жыл сайын ұйымдастырылып, олардың педагогикалық дағдыларын жетілдіруге бағытталады. Семинарлар мен дөңгелек үстелдер жас педагогтардың жаңашыл әдістерді үйреніп, оларды сабақ барысында тиімді қолдануына мүмкіндік береді. Бұл іс-шаралар жас мамандардың өзара ынтымақтастығын нығайтып, мектептегі білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеруге септігін тигізеді. Отырыс қорытындысы бойынша жас мамандар тәжірибе алмасып, алған білімдерін сабақ барысында қолдануды үйренеді.

«Жаңа форматты сабақтың құрылымы» тақырыбындағы жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету бойынша жоспар

№ 1 отырыс

«Жаңа форматты сабақтың құрылымы»

Мақсаты:

Ағылшын тілі пәні мұғалімдерімен тәжірибе алмасу.

Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Тақырыбы	Өтетін күні	Өтетін орны
1	Сыдыкова Жанар Айдаровна	«Ағылшын тілі сабағының негізгі компоненттері»	22.10.24	Кітапхана
2	Ешова Акерке Кусаумирзаевна	«Дарынды оқушыларды ғылыми жоба жазуға баулу»		
3	Ибрашева Гульдана Даулетжановна	Рефлексия		



«Оқыту әдістері және инновациялық технологиялар» тақырыбындағы жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету бойынша жоспар

№2 отырыс

Мақсаты:

Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерімен тәжірибе алмасу.

Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Тақырыбы	Өтетін күні	Өтетін орны
1	Шунышпаева Ербулатовна Сауле	«Роль наставничества в профессиональном становлении молодых педагогов»	16.10.24	Кітапхана

2	Ибатова Райса Беркимбаевна	«Сабақта топтық және жұптық жұмысты ұйымдастыру әдістері»		
3	Жаймаганбетова Жайнагул Тыныштыкбаевна	Рефлексия		

Отырыстар барысында мұғалімдер өз пәні бойынша әдістемелік шеберліктерін шындап, педагогикалық тәжірибе алмасуға мүмкіндік алады. Әсіресе жас мамандарға бағытталған рефлексия, топтық және жұптық жұмысты тиімді ұйымдастыру сияқты тақырыптар олардың кәсіби дағдыларын жетілдіруге айтарлықтай үлес қосады. Мектебіміздің әдістемелік жұмысы жас мамандардың кәсіби өсуіне және білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған. Семинарлар мен отырыстар жас педагогтарға жаңашыл идеяларды енгізуге, өз шеберлігін жетілдіруге және тәжірибелерін басқа ұстаздармен бөлісуге үлкен мүмкіндік береді. Іс-шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылып, педагогтардың шығармашылық және кәсіби дамуына ықпал етеді. 2024-2025 оқу жылы мұндай отырыстардың жемісті нәтижелерін көрсететініне сенім мол.



«Тәлімгергерлік -жас маман қолдауының тиімді жолы» тақырыбындағы жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету бойынша жоспар

№ 3 отырыс

Мақсаты:

Дене шынықтыру пәні мұғалімдерімен тәжірибе алмасу.

Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Тақырыбы	Өтетін күні	Өтетін орны
1	Ысқақов Б. Нағидуллин Д.	Тәлімгер мен тәлім алушы арасындағы ынтымақтастықты дамыту жолдары	15.11.2024	Кітапхана
2	Тыныштық М.	«Салауатты өмір салтын насихаттауда дене шынықтыру пәнінің маңыздылығы»		
3	Айдарханов Н.	Рефлексия		

Бұл отырыс жас мамандарға тәлімгерлік қолдаудың тиімділігін көрсетуге, олардың кәсіби өсуіне септігін тигізетін тиімді әдіс-тәсілдерді анықтауға бағытталған. Отырыс қатысушылары өз тәжірибелерін ортаға салып, кәсіби құзыреттілікті арттыру жолдарын қарастырды. Мұндай іс-шаралар мектеп ұжымының бірлігін нығайтып, жас мамандардың кәсіби дамуына қолдау

көрсетуде маңызды рөл атқарады. Отырыс жоғары деңгейде өтті және өз мақсаттарын толығымен жүзеге асырды.

Мектеп ұжымының педагогикалық іс-әрекеті келесідей бақылау жүйелері арқылы бағаланып, қадағаланады:



№	Бақылау түрлері	Мазмұны
1	Мектепшілік бақылау жұмыстары	Мұғалімдердің үлгерімін талдау
2	Пән мұғалімдерінің мониторингі	Оқушылардың үлгерімін бақылау
3	Сынып жетекшілерінің мониторингі	Сыныптардағы білім сапасын бақылау

Бұл мониторингтің критерийлері педагогикалық және әдістемелік кеңестерде қарастырылып, бекітілген.

Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігін дамыту мақсатында цифрлық сауаттылықтарын анықтау мақсатында мұғалімдерден тест жұмыстары алынып, мониторинг шығарылды.

MS Office Word, Power Point, MS Office Excel бағдарламасы	Power Point бағдарламасы	электронды пошта (e-mail), Skype, Agent	мультимедияны қолдану (фото, аудио, слайд)	электрондық оқулық
100%	100%	100%	99%	78%

Мұғалімдер мен оқушылар арасында білім беру процесіне қанағаттанушылық жоғарылады. Жаңа бағдарламалар оқушыларды қызықтырып, олардың оқу процесіне деген ынтасын арттырды. Ата-аналар да бағдарламаға жоғары баға беріп, балаларының дамуына тиімді деген пікірде.

№	Әрекет түрі	Мазмұны
1	Сандық платформалар мен жаңа технологиялар енгізу	Интерактивті тақталар, қашықтан оқыту құралдары, сандық платформалар қолданылды.
2	Сауалнамалар мен кері байланыстар жүргізу	Оқушылар, ата-аналар және мұғалімдер арасында бағдарламалардың мазмұны

	мен әдістемелеріне қанағаттанушылық зерттелді.
--	--



Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігін дамыту мақсатында цифрлық сауаттылықтарын анықтау мақсатында мұғалімдерден тест жұмыстары алынып, мониторинг шығарылды.


Оқыту және оқыту процесінде оқыту әдістері мен технологиялары білім алушылардың мәдени, жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып қолданылады, сараланған сипатта болады, инклюзивті білімге сәйкес келеді. Алайда белгілі қиындықтар бар. Атап айтқанда, мұғалімдердің 80%-ы компьютерлік технологияларды өз деңгейінде меңгермеген. Ал 20%-ына осы саладағы білімін жетілдіру қажет.

Мұғалімдердің компьютерлік технологияларды меңгеру мәселесі

№	Категория	Мұғалімдердің пайызы
1	Компьютерлік технологияларды өз деңгейінде меңгермеген	80%
2	Цифрлық сауаттылығын арттыру қажет	20%

Мектеп әкімшілігі бұл мәселені шешу мақсатында келесідей іс-шараларды жоспарлап отыр: Мәселені шешуге арналған іс-шаралар

№	Іс-шаралар	Мақсаты
1	Компьютерлік технологияларды меңгерту курстары	Мұғалімдердің цифрлық дағдыларын арттыру
2	Практикалық тренингтер	Компьютерді қолдану дағдыларын нығайту
3	Тәлімгерлік бағдарламалар	Мұғалімдер арасында тәжірибе алмасу



Сабақ барысын басқарудағы құзыреттілікті дамыту

Бөлім	Мазмұны
Мақсаты	1. Мұғалімдердің біліктілігін Қазақстанның заманауи стандарттарына сәйкестендіру.
	2. Инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу арқылы оқыту сапасын арттыру.
	3. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша педагогтардың білімін жаңарту.
Міндеттер	1. Жаңа білім беру стандарттарының талаптарын меңгеру.
	2. Цифрлық құралдармен жұмыс істеу үшін құзыреттерді дамыту.
	3. Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеу әдістерін игеру.
	4. Кәсіби мобильділік пен көшбасшылық қасиеттерді арттыру.
	5. Үздіксіз кәсіби дамуға ықпал ету.

Мектеп басшылығы ұйымдастыратын іс-шаралар

Іс-шаралар	Мазмұны
Жылдық жоспарды әзірлеу	1. Педагогтардың қажеттіліктері негізінде кәсіби даму жоспарын құру.
	2. Цифрлық сауаттылық, STEM және жаңартылған білім мазмұнын оқыту бағыттарын енгізу.
Кәсіби курстар және тренингтер	1. “Назарбаев Зияткерлік мектептері” ПШО және “Өрлеу” орталықтарының курстарына қатысу.
	2. Педагогтардың жеке кәсіби өсу траекторияларын құру.
Мектеп ішіндегі іс-шаралар	1. Пәндік секциялардың ай сайынғы кездесулерін ұйымдастыру.
	2. Мастер-класстар және шығармашылық зертханаларды өткізу.
	3. Ұстаздарға ұлттық және халықаралық онлайн платформаларды қолдануға мүмкіндік беру



Сонымен қатар, мектепшілік бақылау жоспары арнайы ережелер мен бұйрықтарға сәйкес жүзеге асырылады. Мұғалімдердің жұмыстарының нәтижелілігі әдістемелік кафедра отырыстарында, әдістемелік кеңесте, өндірістік кеңестерде қаралып талқыланады.

Сонымен қатар, мұғалімдер мен сынып жетекшілерден жазбаша есептер алынып, талдау жүргізіледі. Жалпы алғанда, оқу жоспары тиімді жүзеге асырылуда. Мектеп ұжымы оқушылардың білім сапасын арттыру және оқу процесін жақсарту бағытында жұмыс істеп жатыр. Алайда кейбір мәселелердің шешімін табу үшін қосымша іс-шараларды қолға алу қажеттілігі бар:

1. Мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын арттыру.
2. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жүйелендіру.
3. Инклюзивті білім беру мен дарынды оқушылармен жұмыс.
4. Оқу процесінің сапасын үздіксіз қадағалап, жетілдіру.

Мұғалімдердің педагогикалық қызметін бағалау туралы

Мұғалімдердің педагогикалық қызметін бағалау – бұл білім беру сапасын арттыруға, педагогтардың кәсіби өсуін қолдауға және олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған маңызды жұмыс. Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясында бұл процесс жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді және мектеп-гимназия директоры А.А.Тажимишевтің басшылығымен тиімді ұйымдастырылған. Мектепте мұғалімдердің кәсіби қызметін бағалау үшін бірқатар нақты шаралар қолға алынған. «Құрмет тақтасы» жүйесі жоғары жетістіктерге қол жеткізген мұғалімдердің еңбегін тану және кеңінен насихаттау мақсатында енгізілді. Сондай-ақ, педагогикалық қызметтің жыл сайынғы мониторингі мұғалімдердің кәсіби өсуін қамтамасыз етудің маңызды құралы ретінде қызмет етеді. «Lesson Study» әдісі оқу процесінің сапасын зерттеп, оқушылардың білім деңгейін тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін тиімді тәсіл ретінде жиі қолданылады. «Жас мамандар мектебі» жас педагогтарға жүйелі қолдау көрсетіп, олардың кәсіби дамуына жағдай жасайды. Бұл бағытта тәжірибелі ұстаздардың жетекшілігімен жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетіліп, жыл сайынғы «Үздік жас маман» марафоны өткізіледі. Мұндай іс-шаралар жас педагогтардың әлеуетін ашып, олардың кәсіби өсуіне ықпал етеді. Оқушыларды қалалық, облыстық және республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобаларға дайындау жұмысы да ерекше назарда. Мектеп оқушыларының жеңістері үшін жауапты мұғалімдер ақшалай сыйақылармен марапатталады. Бұл ынталандыру шаралары педагогтардың оқыту үдерісінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуіне септігін тигізеді. Сонымен қатар, мұғалімдермен жеке кездесулер ұйымдастырылып, олардың кәсіби дамуы үшін ұсыныстар беріледі. А.А.Тажимишев басшылығындағы әкімшілік мұғалімдердің жетістіктерін жан-жақты талдап, қажет болған жағдайда түзетулер енгізу бойынша нақты бағыт береді.

Сабақ беру барысында мұғалімдер әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескеріп, сараланған тапсырмалар қолдану арқылы оқушылардың әлеуетін дамытуға баса назар аударады. Пәндер арасындағы байланыстарды нығайту және оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту – мектептің басымдықты бағыттарының бірі.

Педагогикалық қызметті бағалау және мұғалімдерді ынталандыру жүйесі мектептің білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеруге ықпал етуде. Мектеп-гимназия директоры А.А.Тажимишев педагогикалық ұжымның кәсіби дамуына ерекше көңіл бөліп, мұғалімдердің еңбегін әділ әрі

жоғары бағалауды қамтамасыз етеді. Бұл жүйе мұғалімдердің мотивациясын арттыруға және оқыту үдерісінің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Тақырыбы	Мазмұны
Педагогикалық қызметті бағалау	Білім беру сапасын арттыру және педагогтар арасындағы кәсіби өсу мен даму процесін қолдау мақсатында жүзеге асырылатын маңызды жұмыс.
Мұғалімдердің кәсіби өсуін ынталандыру	«Жас мамандар мектебі» үздіксіз жұмыс жасайды. Үздік жас маманды анықтау мақсатында «Үздік жас маман» марафоны өткізіледі.
Пәндік олимпиадалар мен ғылыми жоба дайындау	Оқушыларды қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі олимпиадаларға дайындау, жүлделі орындарға ие болған оқушылар мен мұғалімдерді марапаттау.
Lesson Study әдісі	Оқушылардың оқу деңгейін және білім сапасын зерттеу үшін бірлесе сабақ жоспарын құру, тиімді әдіс-тәсілдерді талқылау, оқушылардың оқу процесін жетілдіру.
Мұғалімдердің жеке кездесулері	Мектеп -гимназия директоры мен орынбасарлар мұғалімдермен жеке кездесіп, қызметін жақсарту жолдарын ұсынады.
Әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескеру	Оқу процесі әр оқушының жеке ерекшеліктеріне, қабілеттеріне және қызығушылықтарына бейімделеді. Сараланған тапсырмалар беріледі.
Пәнаралық байланыс	Әртүрлі пәндер арасында өзара байланыс орнату арқылы оқушылардың білімін кешенді түрде меңгеруіне ықпал ету.
Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту	Белгілі бір сұрақты талқылау барысында оқушылардың сыни ойлау қабілетін қалыптастыру.
Проблемалық-бағдарлы тәсіл	Оқушылардың білімді практикалық тұрғыдан қолдану дағдыларын дамыту.

Білім беру мекемелеріндегі әдістемелік жұмыс – бұл педагогтардың кәсіби шеберлігін, шығармашылық әлеуетін және әдістемелік құзыреттіліктерін дамытуға, сондай-ақ олардың өзіндік білімін жетілдіруге бағытталған жүйелі шаралар кешені. Мектепте 10 әдістемелік бірлестік белсенді жұмыс атқарады. Әрбір бірлестік әдістемелік кеңес барысында өз жоспарын әзірлеп, апталықтардың өткізілу уақыттары мен мақсаттарын айқындайды. Мұғалімдер өздерінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында жоспарға сәйкес әдістемелік апталықтар аясында ашық сабақтар, интеллектуалды сайыстар және әдеби кештерді ұйымдастырып өткізді.

Өткізілген ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар саны айтарлықтай өскенін байқауға болады. 2023-2024 және 2024-2025 оқу жылдары салыстырғанда ашық сабақтар саны 55%-ға, ал сыныптан тыс іс-шаралар саны 49%-ға артты. Бұл мұғалімдер арасында тәжірибе алмасудың, шығармашылық дамудың және кәсіби байланыстардың нығаюына септігін тигізді.

Әдістемелік жұмыс барысында мұғалімдер жаңа оқыту әдістерін енгізіп, оқушылардың білім деңгейін арттыруға ерекше назар аударуда. Интерактивті тәсілдер, бірлескен жұмыс түрлері және заманауи технологияларды қолдану арқылы білім беру сапасы артуда. Сондай-ақ, әр мұғалімнің сабақ жүргізудегі шеберлігі әдістемелік бірлестіктерде талқыланып, оларға әдістемелік қолдау көрсетілуде.

Мұғалімдердің кәсіби дамуы мен оқу үдерісінің сапасын арттыруға бағытталған әдістемелік жұмыс мектептің білім беру үдерісін жетілдіру жолындағы негізгі құрал ретінде маңызды рөл атқарады. Бұл жүйелі жұмыс мектептің педагогикалық ұжымының кәсіби байланысын нығайтып, оқушылардың білім сапасын жаңа деңгейге көтеруге ықпал етуде. Жыл сайынғы шаралар мен жетістіктер арқылы әдістемелік жұмыстың нәтижелігін байқауға болады.

Мектеп мұғалімдердің кәсіби қызметін бағалаудың әртүрлі формалары мен әдістерін белсенді түрде жүзеге асырып, бұл олардың педагогикалық шеберлігін арттыруға және жеке дамуына ықпал етеді. Педагогтардың кәсіби өсуін ынталандыру мақсатында ұйымдастырылатын іс-шаралар:

- Пән апталықтары мұғалімдердің педагогикалық жаңалықтарын, инновациялық әдістері мен оқыту тәсілдерін көрсетуге мүмкіндік береді. Осы апталықтарда ашық сабақтар, шеберлік сабақтары, шығармашылық іс-шаралар ұйымдастырылады. Оған әріптестері, мектеп әкімшілігі және ата-аналар қатысады. Нәтижесінде әр мұғалімнің жетістіктері талданып, үздік тәжірибелер бүкіл мектепке таратылады.

Жас мамандардың кәсіби біліктілігін анықтау және қолдау мақсатында жыл сайын «Үздік жас маман» конкурс-марафоны өткізіледі. Оған ашық сабақтар өткізу, педагогикалық байқауларға қатысу және түрлі кәсіби тапсырмаларды орындау кіреді. Ерекше назар шығармашылық көзқарасқа, инновациялық технологияларды меңгеруге және оқушылармен кері байланыс орнатуға аударылады. Конкурс жеңімпаздары жыл соңында ақшалай сертификаттармен марапатталады, «Заманауи жас маман» құрмет тақтасына фотосы орналастырылады.

Жас педагогтарға тәжірибелі мұғалімдер бекітіліп, сабақ жоспарын құру, оқыту әдістемелерін таңдау және нәтижелерді талдау бойынша көмек көрсетіледі. Тәлімгерлер бірлескен сабақтар өткізеді және педагогикалық қиындықтарды шешуде қолдау көрсетеді.

Әр оқу жылына арналған әдістемелік кафедралардың отырыстары жоспарлы түрде бекітілген кестеге сай ұйымдастырылады. Әдістемелік кафедра отырыстары мұғалімдердің кәсіби дамуын қамтамасыз етуге, білім беру сапасын арттыруға және тәжірибе алмасуға бағытталған маңызды шара ретінде қарастырылады.

Әдістемелік кафедралардың жұмыс мазмұны: Жыл бойы ұйымдастырылатын отырыстарда әр тоқсанның қорытындылары талданып, білім беру процесіндегі өзекті мәселелер қаралады. Отырыстар барысында педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетіліп, жаңа оқыту әдістері мен технологиялары талқыланады. Сонымен қатар, мұғалімдер мектептегі білім беру сапасын арттыру жолдары, дарынды оқушылармен жұмыс, инклюзивті білім беру және функционалды сауаттылық мәселелері бойынша тәжірибе алмасады.

Әдістемелік отырыстардың маңызы: Әдістемелік кафедралардың жыл бойғы жұмысы мұғалімдердің кәсіби өсуіне ықпал етеді, оларды жаңа әдіс-тәсілдермен қамтамасыз етеді және тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Әр отырыс білім беру сапасын жақсартуға бағытталған нақты шаралар мен шешімдер қабылдауға негіз болады. Мұндай жүйелі отырыстар педагогикалық ұжымның шығармашылық әлеуетін арттырып, мектеп пен қоғам арасындағы байланыстарды нығайтуға септігін тигізеді. Отырыс барысында талқыланған мәселелер мен ұсыныстар оқу-тәрбие процесінің тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясында 2024 жылдың 25 қарашасы мен 25 желтоқсан аралығында «Педагог-шебер» және «педагог-зерттеушілер» санатындағы мұғалімдерге арналған ашық сабақтар айлығы ұйымдастырылды. Бұл айлықтың тақырыбы: «Ұстаздық шеберліктің құпиялары: жылдар бойы қалыптасқан әдістер». Негізгі мақсат – мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, жаңа әдістер мен тәсілдерді меңгеру және оларды сабақ беру үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік беру.

Айлық барысында 54 ашық сабақ өткізілді. Ашық сабақтар әртүрлі пәндер бойынша ұйымдастырылды, олардың ішінде қазақ тілі, математика, ағылшын тілі, химия, әдебиет және жаратылыстану сияқты пәндер ерекше орын алды. Мысалы, «Ұлттық аспаптар», «Махамбеттің Баймағамбетке айтқаны» поэмасының композициясы, «Grammar: Will» және «Houston, we've had a problem here!» сияқты тақырыптар мұғалімдердің шығармашылық және кәсіби деңгейін көрсетуге мүмкіндік берді.

Сыныптан тыс іс-шаралар да айлық аясында үлкен рөл атқарды. Барлығы 32 түрлі сыныптан тыс шара өткізілді, оның ішінде шеберлік сағаттары, интеллектуалды ойындар, викториналар, вебинарлар мен дөңгелек үстелдер болды. «Rezin-Art» шеберлік сағаты, «Әке, ана

және мен» отбасылық сайысы, «Ел ертеңі – жастар» вебинары сияқты шаралар ерекше назарға ілікті. Сонымен қатар, «Алтын қақпа» викториналық ойыны мен «Тарихты оқытудың заманауи тәсілдері: қиындықтар мен мүмкіндіктер» атты дөңгелек үстелі қызықты әрі танымдық сипатқа ие болды.

Айлықтың міндеттері:

- Педагогтарға заманауи оқыту әдістерін үйрету және әдістемелік қолдау көрсету.
- Түрлі ашық сабақтар мен сыныптан тыс шаралар арқылы тәжірибе алмасу және ынтымақтастықты дамыту.
- Мұғалімдердің кәсіби дағдыларын жетілдіру.

Бұл іс-шаралардың барлығы оқыту сапасын арттыруға, ұстаздар арасындағы тәжірибе алмасуды нығайтуға және оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталған. Мектеп ұжымы айлықты жоғары деңгейде өткізіп, оқу-тәрбие үдерісін жаңа деңгейге көтеруде маңызды қадам жасады. Жұмыс нәтижелері ұстаздық шеберліктің өсуіне және мектептің жалпы білім сапасының жақсаруына ықпал етті.

2025 жылдың 20 қаңтары мен 8 ақпаны аралығында «Педагог-сарапшы» санатындағы мұғалімдерге арналған ашық сабақтар мен сыныптан тыс шаралар айлығы өткізілді. Айлықтың тақырыбы «Кәсіби даму және үздіксіз білім беру: педагогтың стратегиясы» деп аталды. Айлықтың басты мақсаты мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін көрсету арқылы педагогикалық тәжірибені жетілдіру болды.

Ашық сабақтар айлығының мақсаттары мен міндеттері:

- Педагогтардың авторлық әдістемелері мен озық тәжірибелерін ашық сабақтар мен сыныптан тыс шаралар арқылы көрсету.
- Түрлі пәндер бойынша ашық сабақтар өткізу арқылы білім алушыларды қызықтыру.
- Мұғалімдердің ынтымақтастығын нығайту және тәжірибе алмасу арқылы кәсіби деңгейін арттыру.

Айлық барысында 51 ашық сабақ ұйымдастырылды, бұл сабақтар әртүрлі пәндер бойынша әр сынып деңгейінде өткізілді. Қызықты және танымдық сабақтардың ішінде «Туынды табу ережесі», «Берел қорғандары», «Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар», «Какие научные открытия Древнего Китая дошли до наших дней?» және «Музыкадағы табиғат құбылыстары» сияқты тақырыптар ерекше назарға ілікті. Мұғалімдер өздерінің кәсіби құзыреттілігін көрсетіп, жаңа әдіс-тәсілдер енгізді. Сыныптан тыс шараларға ерекше көңіл бөлініп, 32 түрлі шара ұйымдастырылды. Олардың ішінде «Математикалық квест», «Дастарқан жаю және дастархан басындағы әдеп» пікірталасы, «Анамның ертегілері» сайысы, «Білгір бала» математикалық олимпиадасы және «The World of Harry Potter» сыныптан тыс шарасы танымдық әрі шығармашылық сипатымен ерекшеленді. Сонымен қатар, жас мамандарға психологиялық қолдау көрсету және кәсіби өсуіне ықпал ететін тренингтер мен коучингтер өткізілді. Аталған іс-шаралардың барлығы білім беру үдерісін жақсартуға, педагогтардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыруға бағытталды. Айлық нәтижесінде мұғалімдердің кәсіби тәжірибесі жаңа деңгейге көтерілді, ал білім алушылардың білімге деген қызығушылығы мен ынтасы артты. Мектеп-гимназия ұжымы бұл айлықты жоғары деңгейде ұйымдастырып, кәсіби даму жолында үлкен қадам жасады.





2025 жылдың 10 ақпаны мен 3 наурызы аралығында «Педагог-модератор» санатындағы мұғалімдерге арналған ашық сабақтар мен сыныптан тыс шаралар айлығы ұйымдастырылды. Айлықтың тақырыбы «Жаңашыл педагогика мен әдіс-тәсілдер: педагог-модератордың кәсіби даму жолдары» деп аталды. Айлықтың мақсаты – педагог-модераторлардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, заманауи білім беру технологиялары мен әдіс-тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау және тәжірибе алмасу алаңын құру.

Айлықтың мақсаты:

- Ашық сабақтар мен сыныптан тыс шаралар арқылы мұғалімдердің кәсіби шеберлігін жетілдіру.
- Түрлі пәндер бойынша ашық сабақтар ұйымдастыру арқылы оқыту әдістерін жандандыру.
- Тәжірибе алмасу алаңдарын ұйымдастыру арқылы педагогтардың бірлескен жұмысын нығайту.

Айлық барысында 63 ашық сабақ өткізілді. Ашық сабақтар әртүрлі пәндер бойынша ұйымдастырылып, оларда мұғалімдер өздерінің жаңашыл идеяларын, шығармашылық әдіс-тәсілдерін көрсетті. Сабақтардың ішінде «Ондық бөлшекті натурал санға көбейту», «Кері итеруші күш», «Шұға мен Әбдірахман арманы», «Робототехника негіздері», «Healthy snacks» және «PLAY AND WRITE: My favourite food» сияқты тақырыптар ерекше назарға ілікті.

Сонымен қатар, 43 сыныптан тыс шаралар ұйымдастырылды. Бұл шаралар оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталды. «Ақиық ақын – Мұқағали» әдеби олимпиадасы, «Сиқырлы математика» математикалық жарысы, «Funny English» интеллектуалды ойыны және «Ауған соғыс ардагерлерімен кездесу» сияқты шаралар айлықтың маңызды бөлігі болды. Мұғалімдер мен оқушылардың белсенді қатысуымен спорттық жарыстар мен шығармашылық шеберлік сабақтары да жоғары деңгейде өткізілді.

Бұл айлық барысында мұғалімдер мен оқушылар бірлескен жұмыс арқылы жаңа деңгейдегі әдістемелік дағдыларды меңгеруге мүмкіндік алды. Жұмыс жоспары мектеп-гимназия директоры А.А.Тажимишев бекіткен болатын. Нәтижесінде білім беру үдерісінің сапасын арттыруға, мұғалімдердің кәсіби өсуіне және оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға үлкен үлес қосылды. Мектеп ұжымы бұл іс-шараларды тиімді ұйымдастырып, үлкен жетістіктерге қол жеткізді.



2025 жылдың 7 сәуірі мен 28 сәуірі аралығында «Педагог» санатындағы мұғалімдерге арналған ашық сабақтар мен сыныптан тыс шаралар айлығы өтті. Айлықтың тақырыбы «Жас педагогтің кәсіби дамуы: алғашқы қадамдар мен міндеттер» деп аталды. Оның негізгі мақсаты жас педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру және білім беру үдерісіндегі алғашқы қадамдарын жүйелеу болды.

Айлықтың мақсаты:

- Жас педагогтарға арналған шеберлік сыныптарын өткізу арқылы олардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.
- Өзара ашық сабақтар ұйымдастыру арқылы тәжірибе бөлісу мүмкіндігін қамтамасыз ету.
- Жас мамандардың шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал жасау.

Айлық барысында 51 ашық сабақ өткізілді. Сабақтар әртүрлі пәндер бойынша ұйымдастырылып, жас педагогтар өздерінің алғашқы кәсіби тәжірибелерін танытып, түрлі әдіс-тәсілдерді көрсетті. Мәселен, «Дұрыс тамақтанудың негіздері», «Нұр-Сұлтан мен Алматы: Бас әріптен басталып жазылатын сөздер», «Ғарышта не бар?», «Дыбыс қалай пайда болады?» сияқты сабақтар ерекше назарға ілікті.

Сонымен қатар, 33 сыныптан тыс шара ұйымдастырылды. Бұл шараларда жас педагогтар оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашуға және танымдық қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік алды. «Кофе кескіндемесі», «Робот эстафета», «Кітап ғұмырлық қазына» сияқты шаралар оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталды. Сондай-ақ, спорттық сайыстар мен интеллектуалды ойындар да жоғары деңгейде өтті. Жас педагогтар өз шеберліктерін арттыруға және кәсіби тәжірибелерін бөлісуге мүмкіндік алды. Оқушылардың белсенді қатысуымен шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Жас мамандардың кәсіби дамуына және ұжымдық ынтымақтастықты нығайтуға үлкен септігін тигізді. Бұл жұмыс жоспары мектеп-гимназия директоры А.А.Тажимишевтің бекітуімен іске асырылды. Айлық нәтижесінде білім беру сапасы жаңа деңгейге көтеріліп, жас педагогтардың кәсіби әлеуеті айтарлықтай жетілдірілді.



2024 жылдың 19 желтоқсан күні Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясында «Үздік жас маман-2024» конкурс-марафонының марапаттау рәсімі өтті. Байқау-марафонға педагогикалық еңбек өтілі 5 жылға дейінгі мектептің жас мамандары қатысты. 2023-2024 оқу жылындағы «Үздік жас маман» атты марафонына қатысқан «Жас мамандар мектебі» жас ұстаздарының аталмыш оқу жылының қаңтар-мамыр айлары аралығында 7 іс-шараға белсенді қатысымы жеке-дара бағаланып, қорытындыланды және әр кезең бойынша «үздік» деп танылғандар келесі кезеңге өткізіліп отырды. Әдістемелік бөлімнің ұйымдастыруымен кәсіподақ ұйымы, тәжірибелі ұстаздар, мектеп әкімшілігі мүшелерінен құралған ауыспалы комиссия жас мамандар жұмысын 5 балдық жүйемен бағалап, әрбір іс-шара үшін орташа балды шығарып, әр кезең сайын бағалап отырған.

Жас мамандардың кәсіптік шеберлігін, оқытуда ақпараттық технологияны қолданудағы ізденістерін, белсенді оқу әдіс-тәсілдерін көрсету арқылы педагогтердің бүгінгі білім беру талабына сай ақпараттық құзырлығын жетілдіруге бағытталған «Үздік сабақ» конкурсы, «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы аясында 5 әдеби шығармаларды оқу, көркем шығармаларды комиссия мүшелері алдында талдау шеберлігімен байланысты конкурс, «Эссе – шығармашылық ойдың жемісі» атты шығармашылық байқау, «Жаңа мектепке жаңашыл ұстазғылыми-зерттеу жұмыстары, «Педагогикалық идеялар панорамасы» бейне дәріс, «Жарқын елдің болашағы – жас маман» басылымға мақала жариялау байқаулары жас мамандар марафонына қатысушы мұғалімдердің жұмысы бойынша қатысушылар еңбегі бағаланды.

Марафон жеңімпаздары төмендегідей реттілікпен анықталып, марапатталды: бас жүлде – география пәні мұғалімі Әуес Қызғалдақ Нұрланқызы (300 000 теңге). 1-орын – математика пәні мұғалімі Құрақбаева Назерке Ғаниқызы (200 000 теңге). 2-орын – үшеу: Худайбергенов Нурлан Мухтарович, Ерік Ақмарал Ерікқызы, Мұқаш Баймен Айбекұлы (150 000 теңге). 3-орын – үшеу: Әбілтай Нұрбол Әмитжанұлы, Игібаева Нұржайнар Сахиқызы, Бисенғали Жансая Қуатқызы (100 000 теңге) және номинациялармен 9 жас маман марапатталып, 50 000 теңге көлемінде сыйақы алды. Конкурс-марафонның жалпы жүлде қоры 1 700 000 теңгені құрайды.

Кеш соңында сөз алған мектеп басшысы ұстаздықты жүрек қалауымен тандап алған жас мамандарды ұжымдық ортаға бейімдеу, жас маманның кәсіби және психологиялық бейімделуі, жас маманның шығармашылық қызметінің өзіндік өрнегін қалыптастыру үшін жағдай жасау, үздіксіз білім алуға деген қажеттілік пен ынталандыруды дамыту бағытындағы жұмыстардың алдағы уақытта да тоқтамайтындығын атап өтті.

«Үздік жас маман-2024» конкурс-марафоны

Іс-шара	Мазмұны
Өткізу мерзімі	2024 жылдың 19 желтоқсаны
Орны	«Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы»КММ
Қатысушылар	Педагогикалық еңбек өтілі 5 жылға дейінгі жас мамандар
Бағалау жүйесі	5 балдық жүйе бойынша ауыспалы комиссия бағалап, әр кезең сайын орташа бал есептелді
Мақсаты	Жас мамандардың кәсіби шеберлігін, ақпараттық құзырлығын және белсенді әдіс-тәсілдерді дамыту

Конкурстың негізгі кезеңдері

Кезеңдер	Мазмұны
«Үздік сабақ» конкурсы	Педагогтердің ақпараттық технологияны қолдану арқылы сабақты тиімді ұйымдастыруы
«Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт»	5 әдеби шығармаларды оқу және комиссия алдында талдау шеберлігін көрсету

«Эссе – шығармашылық ойдың жемісі»	Шығармашылық қабілетті дамыту бойынша эссе байқауы
«Жаңа мектепке жаңашыл ұстаз»	Ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау
«Педагогикалық идеялар панорамасы»	Бейне дәрістер арқылы тәжірибені көрсету
«Жарқын елдің болашағы – жас маман»	Басылымға мақала жариялау бойынша байқау

Жеңімпаздар және жүлделер

Марапат түрі	Қатысушының аты-жөні	Марапат сомасы
Бас жүлде	Әуес Қызғалдақ Нұрланқызы, география пәні мұғалімі	300 000 теңге
1 орын	Құрақбаева Назерке Ғаниқызы, математика мұғалімі	200 000 теңге
2 орын (3 жеңімпаз)	Худайберген Нурлан Мухтарович	150 000 теңге
	Ерік Ақмарал Ерікқызы	150 000 теңге
	Мұқаш Баймен Айбекұлы	150 000 теңге
3 орын (3 жеңімпаз)	Әбілтай Нұрбол Әмитжанұлы	100 000 теңге
	Игібаева Нұржайнар Сахиқызы	100 000 теңге
	Бисенғали Жансая Қуатқызы	100 000 теңге
Номинациялар бойынша сыйлық	9 жас маман	50 000 теңге (әрқайсысы)

Конкурс жүлде қоры

Сомасы	Құрамы
1 700 000 теңге	Бас жүлде, орындар, номинация жеңімпаздары



Бұл марафон – мұғалімдердің біліктілігін арттырып, үздік тәжірибелерді бөлісуге және заманауи педагогикалық тәсілдерді меңгеруге арналған тамаша мүмкіндік. Жұмыстарды ұйымдастыру, талдау және бағалау нәтижесінде 2024-2025 оқу жылының ең үздік мұғалімдері марапатталады.

Қорытынды:

2024–2025 оқу жылында мектептің әдістемелік қызметі жүйелі түрде ұйымдастырылып, білім беру сапасын арттыруға бағытталған нақты нәтижелерге қол жеткізілді. Мұғалімдердің кәсіби дамуы, тәжірибе алмасуы, оқыту әдістерін жетілдіру және оқушылардың білім деңгейін көтеру – мектептің стратегиялық мақсаттарының негізі болды.

- Ашық сабақтар саны 55%-ға артты;
- Сыныптан тыс шаралар саны 49%-ға өсті;

- Жас мамандардың кәсіби белсенділігі мен шығармашылық әлеуеті айтарлықтай дамыды;
- Цифрлық сауаттылық мониторингі нәтижесінде мұғалімдердің 80%-ы қосымша курстарға бағытталды;
- «Үздік жас маман–2024» марафоны арқылы үздік педагогтер анықталып, марапатталды.

Ұсыныстар:

1. Әдістемелік жұмыстарды пәндік ерекшелікке сай тереңдету;
2. Жас мамандарға арналған тәлімгерлік жүйені кеңейту;
3. Цифрлық сауаттылықты арттыру үшін тұрақты курстар мен тренингтер ұйымдастыру;
4. Инклюзивті білім беру мен сараланған оқытуды тәжірибеге енгізу;
5. Lesson Study, портфолио және бейне сабақтар арқылы педагогикалық қызметті бағалау жүйесін жетілдіру;
6. Әдістемелік кеңестерде үздік тәжірибелерді талқылап, мектепшілік тарату;
7. Оқушылардың білім сапасын арттыру үшін пәндік олимпиадалар мен жобалық жұмыстарды жүйелеу;
8. Әдістемелік апталықтар мен шығармашылық іс-шараларды дәстүрлі түрде жалғастыру.

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары: Сарина.С.Р.